

Дәдебаев Ж., Бисенбаев П.,
Кәрібозов Е.

**Қазақ хандығы және қазақ сөз
өнерінің өр тұлғалары
(Асан Қайғы, Жиренше
Шешен, Алдар Көсе)**

Мақала Қазақ хандығының құрылуы мен қалыптасуы, қазақ сөз өнерін жасаушылардың алғашқы өкілдерінің қоғамдық және шығармашылық қызметін зерттеу мәселелеріне арналған. Қазақ хандығының құрылуының алғышарттары, қалыптасуы және қазақ сөз өнерінің байырғы өкілдерінің қоғам, мемлекет қайраткері, шығармашылық тұлға ретінде атқарған қызметтерінің мазмұны мен маңызы Қорқыт атаның даналық сөздерімен, өсиеттерімен сабақтас сарапталған. Қазақ хандығының негізі туралы Ш. Уәлиханов, М. Тынышпаев, С. Сейфуллин айтқан ойлардың тарих шындығына қатынасы ашылған. Асан Қайғы, Жиренше шешен, Алдар көсе сияқты қазақ сөз өнерінің ірі өкілдерінің қазақ хандығының құрылу және қалыптасу тұсындағы ерен еңбектері пайымдалған.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы, құрылуы, қалыптасуы, сөз өнері, Қорқыт ата, Асан Қайғы, Алдар көсе, қоғам, қызмет.

Dadebaev Zh., Bisenbaev P.,
Karibozov E.

**Kazakh Khanate and prominent
personalities of the Kazakh art
of word (Akan Seri, Zherenshe
Sheshen, Aldar Kose)**

The article investigates the questions of origin and formation of the Kazakh Khanate, social and creative activity of the first representatives of Kazakh literature. Comprehend the preconditions for the emergence and formation of the Kazakh Khanate, content and value of public and creative activity of the first representatives of Kazakh literature in connection with the wise words and teachings Korkut Ata. We explore issues to do with the historical reality of opinions and views expressed on the Kazakh Khanate by such prominent figures as the S. Valikhanov, M. Tynyshpaev, S.Seifullin. We consider the life and deeds Asan Kaigy, Zhirenshe Sheshenya, Aldar Kose as the major representatives of the art of speech in the period of occurrence and formation of the Kazakh Khanate.

Key words: Kazakh Khanate, activities, occurrence, formation, the art of words, Korkut Ata, Asan Kaigy, Zhirenshe Sheshenya, Aldar Kose, society.

Дәдебаев Ж., Бисенбаев П.,
Кәрібозов Е.

**Казахское ханство
и выдающиеся личности
казахского искусство слово
(Акан Сери, Жеренше шешен,
Алдар Косе)**

Статья посвящена исследованию вопросов возникновения и становления Казахского ханства, общественной и творческой деятельности первых представителей казахской словесности. Рассматриваются предпосылки возникновения и становления Казахского ханства, содержание и значение общественной и творческой деятельности первых представителей казахской словесности в связи с мудрыми словами и наставлениями Коркут ата. Изучены вопросы отношения к исторической действительности мнений и суждений, высказанных о Казахском ханстве такими видными деятелями, как Ш. Валиханов, М. Тынышпаев, С. Сейфуллин, жизнь и деяние Асан Кайгы, Жиренше шешен, Алдар косе как крупных представителей искусства слова в период возникновения и становления Казахского ханства.

Ключевые слова: Казахское ханство, деятельность, возникновение, становление, искусство слова, коркут ата, Асан Кайгы, Жиренше шешен, Алдар косе, общество.

**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ
ЖӘНЕ ҚАЗАҚ
СӨЗ ӨНЕРІНІҢ
ӨР ТҰЛҒАЛАРЫ
(Асан Қайғы, Жиренше
Шешен, Алдар Көсе)**

Сөз өнері – өнердің бір түрі. Халық: «Өнерді үйрен де, жи-рен», – дейді. Бұл сөздің астарында кісіге қанша өнерді үйрен-се де, артық болмайды деген сияқты ұғым жатқан болу керек. Сөз өнері үйренетін өнер емес. Дәстүрлі қоғам жағдайында қоғамдық сананың барлық байлығы, қоғамдық ойдың барлық қа-зынасы сөз өнері үлгісінде туған, сөз өнері үлгісінде сақталған және ұрпақтан ұрпаққа жеткен. Бүгінде өзіміз есте сақтап, жас-тарымыз айтып жүрген халық мақал-мәтелдерінің әрқайсысында жалпыхалықтық өлшемге айналған даналық қағидалар бар. Та-рихи аңыздар мен жырларда халықтың дәстүрлі дүниетанымы, ойлау табиғаты, басынан өткен өмір шындықтары көрініс тап-қан. Сөз өнерінің байырғы үлгілері бүгінде қоғамдық санамыз-дың іргелі салаларына айналып отырған тарих, этнология, фило-логия, философия, мәдениеттану, құқықтану, педагогика, этика, эстетика және басқа ғылымдардың басты дерек көзіне айналып отыр. Осының бәрі дәстүрлі қазақ қоғамында сөз өнерінің өнер ғана емес, даналық таным қайнары болғанын білдіреді.

Қазақ хандығы дәуірінде сөз өнерінің әлеумет өміріндегі қызметі аса зор болды. Халық: «Өнер алды – қызыл тіл», – деп, сөз өнерінің ел өміріндегі маңызы мен мәнін өте жоғары баға-лады. Ал сөз өнерін жасаушы жырауларды халық ханнан ар-тық қадірледі. Қазақ ғұламаларының ойынша, «жырау – толғау айтатын ақылшы, қиыншылық үстінде халық ортасына шығып, қамқор сөздер сөйлейтін данышпан ойшыл адам, ерте кезде ұлыс ордасында отырып, ақыл, кеңес беретін әрі тәрбиеші, әрі ұстаз, әрі сәуегей, ұлы ойдың иесі» [1, 146].

Қазақ жырауларының басында Қорқыт ата тұр. Қорқыттың болмысындағы дара қасиет оның дүниеге келісінен бастап бай-қалады. Қорқыт дүниеге келерде анасы тоғыз күн толғатып, жер дүниені үш күн, үш түн қараңғылық басады. Қалың қара жаңбыр, сұрапыл қара дауыл соғып, біреуді біреу көре алмай, ел-жұрт қатты қорыққан. Қаратауды қараңғылық басып, халық оны (Қаратауды) «Қараспан» деп атаған [1, 187].

Қараспан-Қаратауда халықты қорқытып дүниеге келген Қорқыт еліне ақыл-кеңес беретін тәрбиешіге, ұстазға, сәуегей-ге, ұлы ойдың иесіне айналды. Ел-жұрттың басына екіталай күн туса, пәтуаны Қорқыт ата айтты. Ел-жұрт алдағы күнінен жақсылық күтсе, ақ батаны Қорқыт ата берді. Күнделікті тұр-

мыс-тіршілікте тіреу болатын ақыл-кеңесті, даналық сөзді де Қорқыт ата айтты. Қорқыт ата алдынан өткен хандарға: «Хан ием, туып-өскен Қаратауың құламасын, көлеңкелі дарағың құрамасын, бағаң арта берсін, күнәнді Аллаһ кешірсін», – деп бата берді. Жаратушы Қорқыт атаның сөзіне ағартушы, сақтаушы, жарылқаушы күш берді.

Жырау туралы, жыраудың қызметінің халықтық мәні туралы Қорқыт ата тұсында қалыптасқан құрмет кейінгі Шыңғыс хан тұсындағы Кетбұқа, Тоқтамыс хан мен Едіге би тұсындағы Сыпыра жыраудан қазақ хандығы тұсындағы жыраулардың қарашоғыр қалың қатарына дейін үзілмей жалғасты.

Шоқан Уәлиханов тарихи аңыздарға, дерек көздеріне сүйене отырып, Жәнібек пен Керей Әбілқайырдан бөлініп кеткенде, олардың қасында Жиренше шешеннің, Асан Қайғының болғанын жазады, Асан Қайғының қазақ ұлыстарының басын қосатын Жерұйық мекен іздегенін көрсетеді [2, 165]. Асан Қайғының Жерұйық мекенді іздеуіне халық басындағы қиындық, малға, шаруаға да береке жоқ, адамға да бақ-мереке, тату тыныштық, шат-шадыман тірлік жоқ қауіп-қатерлі, күйзелісті күй себеп болған. Жерұйыққа «жетсе ғана, соны мекен етсе ғана, халқы бақытты болмақ. Игілікті ырыс атаулының жанды көрініс, белгісі болып «қой үстіне бозторғай жұмыртқаламақ». Мұнда малға, шаруаға да береке бар, адамға да бақ-мереке, тату тыныштық, шат-шадыман тірлік бар. Міне, осындай жерді өзі үшін емес, елі, жұрты үшін іздеген Асан – ел қамқоры» [3, 233]. М.О. Әуезовтің осы сөзінде Асан Қайғы өмірінің, халық тіршілігінің үлкен шындығы бар.

Жәнібек пен Керейдің Әбілқайырға ренішті болып, онымен ат құйрығын үзісуінің себебін С. Сейфуллин былай түсіндіреді: «Алтын Орданың ханы кіші Мұхаммет өлтірген Барақ ханның балалары Жәнібек пен Керей 1456 жылы Әбілқайыр ханмен өкпелесіп, өзінің соңынан ерген біраз көшпелі ноғайлыны ертіп, өзге ноғайлы, өзбек елдерінен жіктеліп, күншығысқа қарай, Мұңғылстан шегіне, Хан тауына көшіп кетеді» [4, 19]. Шәкәрім Құдайбердіұлы қазақтардың Әбілқайыр ханнан бөліну себебін Қобыландының Дайырқожаны өлтіруіне байланысты қайшылықтармен байланыстырады [5, 31-32]. Бұл айтылған жайлар Жәнібек пен Керей бастаған қазақтардың Әбілқайыр басқарған хандықтан бөлініп шығып, жеке хандық құруының сыртқы, көзге көрініп тұрған себеп-сылтауы болуы мүмкін.

Әлкей Марғұланның пайымдауына қарағанда, Асан Қайғы, Әз-Жәнібек, Керей үшеуі Әбілқайырға разы болмай, қазақты жеке бір ұлысқа бөлмекші болған. Асан Қайғы қара халыққа жайлы қоныс іздеп, Қазақстанның қазіргі ұлан-ғайыр даласын түгел аралап, сынын айтады, орда қондырар жерді Әбілқайырдың ықпалы жүрмейтін Маңғыстау мен Жетісудан іздейді. Маңғыстаудың мал бағуға жайлы болғанымен, ел еркін жайлап отыруға тарлық ететінін байқайды. Жетісуді көргенде, қайғысы тарап, көңілі жайланып: «Үш Алматы деген жер бар екен. Сарымсағы сабаудай, бүлдіргені бүйректей, алмасы бар жүректей. Сол жерді кимадым», – депті. Ақырында Хан тауында хан ордасын құрады. Зираты Ыстық көл маңында [1, 145]. Мұхаммед Хайдар Дулати бастаған тарихшылардың еңбектері негізінде Шоқан Уәлиханов жазып қалдырған осы деректерді С. Сейфуллин толықтырып, мынадай біршама толымды мәлімет береді: «Алшынның біразы, Арғын, Керей, Қыпшақтың біразы, Жалайыр руларынан құралған аз ғана ноғайлы, ноғайлар 1456 жылы өзге қалың ноғайлыдан, өзбектен бөлініп шығып, Балқаш көлінің оңтүстігіндегі Хан тауына көшіп келіп, «қазақ» атанып, бөлек Қазақ хандығын құрды. Бұл Қазақ хандығы да Алтын Ордада отырған ханды ұлы хан деп қараған. Кәзіргі қазақ болып отырған қалың елдің өзге рулары, көпшілігі ол қарсаңда әлі де Алтын Ордаға қараған қалың ноғай болған қалпында ноғайлы мырзаларының, хандарының, өзбек хандарының қол астында еді. Түрік-моңғол руларының ескілігін қарастырған орыстың кейбір жазушылары қазақ атаулы елді тек өзбек елінен бөлініп шыққан ғана дейді... Ол – қазақ атанған елдің ескілігін жете білмегендіктен айтылған сөз, ол қазақ атаулы елдің ноғай ханның елі болып, көп заман «ноғайлы» атанып жүргенін білмегендік...» [4, 19]. С. Сейфуллин осы ойларын дамыта отырып, Жәнібек хан құрған, қазақ елі атанған хандықпен қатар бұрынғы Алтын Орданың Қырым мен Кавказдан Сібірге дейінгі жерлеріндегі халықтардың бәрі де «қазақ» атанғаны [6, 49] туралы М. Тынышпайұлының тұжырымдарын қолдайды. М. Тынышпайұлының, С. Сейфуллиннің пікірі – тарихшылардың мәліметтеріне, деректеріне негізделген және тарихи-логикалық қисыны жеткілікті дәйектелген пікір.

М. Тынышпайұлы «қазақ» туралы тарихшылардан терген мағлұматтарын хронологиялық тәртіппен Х ғасырдан бермен қарай жүйелеген [6, 43]. С. Сейфуллин солардың ішінен өзі айқындау деп білген тоғыз мағлұматты атап өтеді.

Олардың алғашқысы Әбілқысым Фердаусидің (XI ғасыр) «Рүстем» дастанынан алынған. «Қазақ», «қазақ хандығы» деген сөздер, ұғымдар аңыздар өзегімен Фердауси заманына дейін жеткенге ұқсайды.

«Қазақ», «қазақ хандығы», «қазахия» сөздері мен ұғымдарының түрлі елдер тіліндегі жазба ескерткіштерде сақталғаны және олардың қазіргі қазаққа, қазақ еліне қатысы туралы ойлардың желісін таратуда М. Тынышпаев пен С. Сейфуллиннің көзқарастары арасында айырмашылық, қайшылық жоқ.

Хан тауына хан ордасын тіккен Керей мен Жәнібек хан тұсында қазақ хандығының ынтымағы мен бірлігі жолында ерен еңбек сіңірген Асан Қайғы, Жиренше шешен, Алдар көсе туралы, олардың сөздері мен істері туралы ел есінде сақталған аңыздарда терең мән бар. Оның мәнісіне жету үшін, тарихи аңыздарда сақталған мәліметтердің тереңінен шындықтың асыл жылғасын табудың маңызы зор.

Г.Н. Потанин орта ғасырлардағы Еуропа эпосында кездесетін шығыстық сарындарды зерттеу барысында: «Мен қазақ-алтай аңыздарындағы Жиренше шешен-Ерен шешен және моңғол батыры Ерен-сайын (Ирин-сайн) бір ме деп топшылаймын», – дейді. Ол мұнымен тоқтап қалмай, Жиренше шешен мен Оғыз ханның биі Ер Қиыл қожаны қатар қояды, Шыңғыс ханның қайын атасы Дай шешенді керей Тұғрыл ханның биі болған Жиреншенің өзі деп түсіндіреді [7: 595; 719; 721; 735].

Қазақ тарихшысы Құрбанғали Халдұлының «Тауарих хамса» кітабында Асан Қайғы Майқы бидің алтыншы буындағы ұрпағы ретінде сипатталады. Қырғыз оқымыстылары Асан Қайғының да, Жиренше шешеннің де, Алдар көсенің де Барақұлы Жәнібек тұсында емес, Алтын Орда ханы Жәнібек Өзбекұлы тұсында өмір сүргені туралы пікір айтады. Ол пікірге аңыз-әңгімелерді негіз етеді. Екіншіден, Асан Қайғыны түркі халықтарының бәріне ортақ ойшыл деп біледі. Асан Қайғыны Барақұлы Жәнібек ханның тұстасы деген жағдайда, оның түркі халықтарына ортақ ойшыл болмай шығатынын тілге тиек етеді.

Г.Н. Потаниннің талдаулары мен пайымдауларында, қырғыз оқымыстыларының болжамдарында белгілі бір қисын бары рас. Бірақ бұл орайда айтылған болжамдарға да, негізге алынған қисындарға да тарихи ұстаным талаптары тұрғысынан қараған дұрыс.

Біздің ойымызша, Асан Қайғының Барақұлы Жәнібек тұсында өмір сүргені туралы Шоқан Уәлиханов бастаған қазақ оқымыстыларының

пікірі оның түркі халықтарына ортақ ойшыл екендігін жоққа шығармайды. Үш данышпан өмірінің басын, Жәнібек пен Керей сияқты, Алтын Ордада, қалған өмірін Хантауында, қазақ хандарының қасында өткізді. Алтын Ордамен қарым-қатынасын үзбеді.

Асан Қайғы, Жиренше шешен, Алдар көсені Алтын Орда ханы Жәнібек Өзбекұлының тұсында өмір сүрді деген пікірін қырғыз оқымыстылары тарихта болған Толыбай сыншымен байланыстырып негіздеуге талаптанады. Мұндай ой айтуға талаптанушылар қазақ оқығандарының арасында да жоқ емес. Мысалы, Алтын Орда тұсында өмір сүрген, Алтын Орда ханы Жәнібектің, Жәнібектің баласы Бердібек ханның ақылшысы болған Толыбайды ХҮІІ-ХҮІІІ ғасыр аралығында өмір сүрді деушілер бар. Асан Қайғыны, Жиренше шешенді, Алдар көсені Алтын Орда ханы Жәнібектің тұсынан іздеу қандай негізсіз болса, Алтын Орданың атақты ұлысбегі Толыбайды ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырға алып келу де сондай орынсыз. Тарихи тұлға өміріне қатысты түйінді пікірді тарихи дерек, тарихи аңыздар, тарихи қисын негізінде айтса жарасады.

Толыбай сыншының Өзбекұлы Жәнібек ханның тұсында Алтын Орданың басты тұлғасы, ұлысбегі болғаны тарихи құжаттарда, басқа да жазбаша дерек көздерінде айтылады. Алтын Орда ханы Жәнібектің өмір деректері, жақын және алыс айналасы, уәзірлері, кеңесшілері, бектері туралы араб, парсы, орыс тілдерінде қыруар дерек көздері сақталған. Оларда Толыбай туралы айтылғанмен, Асан Қайғы, Жиренше шешен, Алдар көсе туралы ешқандай мәлімет жоқ. Асан Қайғы, Жиренше шешен, Алдар көсе үшеуін Алтын орда ханы Өзбекұлы Жәнібектің маңындағы бектер мен билердің арасында атқарған істерін баян ететін аңыз қазақта кездеспейді. Осы тұрғыдан келгенде, аттары аталған үш тарихи тұлғаның өмір сүрген кезеңі туралы қазақ оқымыстыларының пікірі тарихи шындыққа барынша сәйкес және ғылыми жағынан дәлелді.

Г.Н. Потанин өз еңбегінде көптеген дерек көздерін, әлем халықтары әдебиеті үлгілерін салыстырып, бірталай ғылыми ойлар, болжамдар айтты. Зерттеушінің ойлары мен болжамдары маңызды екені анық. Әйтсе де салыстырылып отырған үлгілердегі кейіпкерлердің істері мен сөздеріндегі ұқсастықтардың негізінде олардың түбі бір адам деп топшылау салыстырмалы немесе типологиялық зерттеу теориясының қазіргі замандағы қағидаларына сай келмейді. Бұл ретте ұқсастықтардың өзегін қуа бермей, Жиренше шешен мен Алдар көсенің, Асан қайғының Өз

Жәнібек хан тұсында өмір сүргені жайында ел есінде сақталып, ХІХ ғасырда хатқа түскен көп қатпарлы мәліметтердің асыл негізін іздеу дұрыс болмақ.

Ш. Уәлиханов Жиреншенің сөздері мен істері баяндалатын халық аңыздарына сүйене отырып, Жиренше шешен мен Асан Қайғының Барақұлы Жәнібек ханның жанында болғаны туралы пікір білдірді. «Жәнібек ханның атының алдына халықтың «әз» деген эпитетті қосып айтқанына қарағанда, ол әділетті хан болғанға ұқсайды, оның уәзірі ақылы асқан шешен Жиренше екен» [2: 161; 165], – деп жазды.

Г.Н. Потанин Тарбағатай қазақтарының аузынан жазып алған бір дерек көзінде дүниедегі ең ескі хан Әз-Жәнібек хан екені, ханның Жиренше шешен деген ақылманы болғаны айтылған [7, 595]. Мұса Шормановтың айтуына қарағанда, Әз-Жәнібек пен оның екі замандасы Жиренше шешен мен Алдар көсе туралы Қарқаралы қазақтары арасында үлкен дастан болған [8, 158]. Жиренше шешен мен Алдар көсенің Әз Жәнібек хан тұсында өмір сүргені Ә. Диваев жинаған материалдарда да көрініс тапқан [9, 66-67; 10, 84-85]. Жәнібек ханмен тұстас Жиренше атты шешен болғаны туралы, оның тапқырлығы туралы қазақ арасында толып жатқан аңыздар барын С. Сейфуллин [4], М. Әуезов [3, 232-235], С. Мұқанов [11, 60] секілді көнекөз қариялар да айтты.

Сөз өнері туралы ғылымда М.О. Әуезов қалыптастырған мынадай қағида бар: «Аңыз әңгіменің тарихтық адамды біржолата өзіне ұқсамаған кейіпке түсіріп әкететіні болмайды... Әрбір аңыз әңгіменің негізінде тарихта болған адамның шын кескінінің түбегейлі ерекшеліктері жүреді» [12, 179]. Бұл қағиданың маңызы мен мәні бүгінгі күнде де мейлінше зор. Жиренше шешеннің өмірінің кейбір деректерін анықтауда ілкіден бері келе жатқан аңыз өзегінде сақталған мәліметтер құнды дерек көзі қызметін атқарады.

Аттары аталған тарихи тұлғалар туралы ел есінде, аңыздар өзегінде, тарихи жырларда сақ-

талған мәліметтерден ауытқу немесе оларды теріске шығару негізсіз. Асан Қайғының, Жиренше шешеннің, Алдар көсенің қазақ ханы Әз Жәнібек хан тұсында өмір сүргені туралы халық есінде, халық аңыздарында сақталған мәліметтердің тарихи мәні бар деп білу шарт.

Айтылған жайлардың негізінде мынадай ой түйге болады:

- Қазақ хандығының ордасы Хантауына қонды. Қазақ ханының ақылшысы, кеңесшісі Асан Қайғы, Жиренше шешен, Алдар көсе болды. Асан Қайғы, Жиренше шешен, Алдар көсе ханға елдің жағдайын жақсартудың, халықты «қой үстіне бозторғай жұмыртқалағандай» жайлы да жақсы өмірге жеткізудің жолдары туралы ақыл айтып, кеңес берді, елге үлгі ұсынды.

- Асан Қайғы, Жиренше шешен, Алдар көсе қалыптастырған даналық үлгіні сақтап, дамыта отырып, Жәнібек ханның ұлы Қасым хан қазақ хандығының күш-қуатын арттырды, Алтын Орда ту тіккен Дешті қыпшақ даласындағы қарормандай қалың қазақ Қазақ хандығының қарашаңырағы астында бірбүтін іргелі ел болды.

- Асан Қайғының, Жиренше шешеннің, Алдар көсенің аттары, сөздері, істері аңызға айналып, қазақ хандығының, қазақ халқының даналық танымының баға жетпес асыл қазынасына айналды.

- Қараспанның астында, Қаратаудың қасында, Хантауының басында Асан Қайғының, Жиренше шешеннің, Алдар көсенің қазақтың қамын ойлап істеген істері мен айтқан сөздерінің жарығы бүгінгі күні де көзді қарықтырып, көңілді балқытқандай.

- Қараспандай Қаратауда, хан ордасы қонған Хантауында жаратқанның қазақ халқына берген қасиетінің жарығы мен жылуы бар.

Құрметті халайық, баяндамамды Қараспанның қадірлісі, дүйім түркі жұртының данасы Дәдем Қорқыттың бір ауыз сөзімен аяқтауға рұқсат сұраймын: Қаратауыңыз құламасын, көлеңкелі дарағыңыз қурамасын, бағаңыз арта берсін, күнәңізді Алла кешірсін.

Әдебиеттер

- 1 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар: ғылыми-зерттеу мақалалар... / құраст. Р. Бердібаев. – Алматы: Жазушы, 1985.
- 2 Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1985.
- 3 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. XVIII том. – Алматы: Жазушы, 1985.
- 4 Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. VII том. – Алматы: Қазығұрт, 2007.
- 5 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі. – Орынбор, 1911.
- 6 Тынышпаев М. Великие бедствия... (Ақтабан-Шубырынды). – Алма-Ата: Жалын, 1991.
- 7 Потанин Г.Н. Восточные мотивы в средневековом европейском эпосе. – СПб., 1899.

- 8 Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Результаты путешествия (1876-1877). Выпуск II. – СПб., 1881.
- 9 Қазақтың халық творчествосы (Ә.Диваев жинаған материалдар). – Алматы: Ғылым, 1989.
- 10 Дала уалаятының газеті. – Алматы: Ғылым, 1989.
- 11 Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. Т. 15. Халық мұрасы. – Алматы: Жазушы, 1979.
- 12 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. XVII том. – Алматы: Жазушы, 1985.

References

- 1 Margulan A. Ezhelgy jir, anizdar: gilimy-zertteu makalalar.../ Kurast R. Berdybaev. – Almaty: Zhazushy, 1985.
- 2 Ualihanov Sh.Sh. Bes tomdyk shygarmalar zhinagy. II tom. – Almaty: Kazakh soviet enciklopedyasynyn bas redakcyasy, 1985.
- 3 Auezov M. Zhyirma tomdyk shygarmalar zhinagy. XVIII tom. – Almaty: Zhazushy, 1985.
- 4 Seyphullin S. Kop tomdyk shygarmalar zhinagy. VII tom. – Almaty: Kazygurt, 2007.
- 5 Kudaiberdiuly Sh. Tyrik, kyrgyz, kazak ham shezhyresi. – Orynbor, 1991.
- 6 Tynyshpayev M. Velikie bedstvyia... (Aktaban – Shybyryndy). – Almaty: Zhalyn, 1991.
- 7 Potanin G.N. Vostochniye motivy v srednevekovom evropeiskom epose. – SPb., 1899.
- 8 Potanin G.N. Ocherki Severo-zapodnoy Mongolii. Rezultaty Puteshestviya (1876-1877). Vyousk II. – SPb., 1881.
- 9 Kazakhtyn halyk tvorchestvosy (A. Divaev zhinagan materyaldar). – Almaty: Gylym, 1989.
- 10 Dala ualayatynyn gazety. – Almaty: Gylym, 1989.
- 11 Mukanov S. Tandamaly shygarmalar. On alty tomdyk. T. 15. Halyk murasy. – Almaty: Zhazushy, 1979.
- 12 Auezov M. Zhyirma tomdyk shygarmalar zhinagy. XVII tom. – Almaty: Zhazushy, 1985.